



# ЖҰРТ

№27 (5214) сенбі  
2шілде 2011 жыл

Газет 1963 жылдан бастап шығады Аудандық қоғамдық саяси газеті

## Туған күніңмен, еңсесі биік Елорда! Туған күніңізбен, елі сүйген, елін сүйген Елбасы!



Дүниеде төуелсіз Қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты, тату, ынтымақшыл халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы - бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге берік сенім бар!

Нұрсұлтан Назарбаев.

### Елінің тірегі

Қазақ халқы, барша қазақстандықтар рухани биіктен танылып, қиын кезеңде қайраттандырған, құлашынар тұста айбаттандырған тұламен бірге толысып келеді. «XXI ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыр бола-лығына сенемін», деп бағын жандырған қайраткердің демеуімен рухани тұта-судың жаңа жарқын кезеңіне қадам басты: ұлт қадірлеген Көшбасшымен, заман сомдаған Елбасымен.

Бұл - бүгінгі алаңдамауды, ертеңіне елендемеуді көксеген елдің орындал-ған тілегі. Толысқан ұлттың, жаңғырған жұрттың күрмеуге келмейтін қысқа мерзімде алған асуы.

Елбасының қанатты сөзі бар: «Бабаларымыз тірі болу үшін бір болды, біз ірі болу үшін бір болуымыз керек». Алты Алаш ардақтаған Абылай да, Абылайдан бұрынғы Өз Тәуке де, данағөй Бұқар мен киелі үш би де - бәрі бірлікті аңсады. Ұлы Абай осы арман-аңсауды ұранды мұратқа айналдырды - «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос».

Қазақ халқының ой-мақсатын жаһанмен жарыстырған дәуірлік тұлғаның көксегені де осы еді: адам мен адамды, халық пен халықты, ел мен елді жа-қындастыратын мүдде бірлігі болатын.

Осы ортақ мүддеге ұйыта жүріп ортақ жетістіктерге жігерлендірді. Тағдырлы ғасырларда тасада қалған қазақты жаңа ғасырда заман биігіне талпындырды. Қазіргі Қазақстан кешегі Кеңестер Одағы атанған, бүгінде ТМД, ШЫҰ, ЕуРА-ЗЭК, ЕҚЫҰ делінетін жарты әлемнің танымалы да, саңлағы да. Танымал болуы - бірлігінен, саңлақ болуы - көшбасшының көрегендігінен.

Абылай да, Абылайға дейінгі аумалы-төкпелі ғасырларды қайратымен қай-натқан айбындылар да елдің көш соңында тозуын емес, суырылып алға озуын тіледі. «Кеуде бір жерді жол қылып, шөлең бір жерді көл қылып» төрдегімен те-ндессем деді. «Құрап жанды көп қылып, өз алдына ел қылып» өрдегімен кеңес-сем деді.

Бағзыдан бар байырғы жұрттың жаңа мыңжылдықта көш-керуенін баста-ған қайраткер де соған құлшынды. Алағ қарайтын кез келді, іске кірісетін кез келді, ерік-жігерімізді танытатын кез келді, өмірді өзгертетін кез келді», деді. Заманға биіктен қаратты. Қазақтың атын шартарапқа таратты. Құлшынды-ғып құрлықтармен жарыстырды, қиын жылдарда үзілген үмітімен табы-сырды. Жұтаң ғасырларда жұқарған ұлттық беделін қайтарып берді.

Халықтардың ұлы қоныс аударуын туғызған айбатты Ғұндардан соң Алаш есімді елдің ғаламға серпіліп қайырылғаны осы еді. Ата-бабаларымыз жаһанға тегеурінмен тепсініп жетті. Бүгінгі қазақ даналар мен даралардың кемеңгерлі-гі қонған тұлғаның тәлімімен тербеліп жетті. Сол тұлғаның өз сөзімен айтсақ, бүгінде: «Төуелсіз Қазақстан елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты тату халқы бар. Қуатты экономикасы, сенімді саяси жүйесі бар. Ең бастысы - бүгіннен нұрлы, бүгіннен кемел болашағы бар. Сол күнге берік сенім бар».

Елбасы жаңылдырмайтын жалғыз жолға тоқтады. Қазақ халқын мемлекет-құраушы ұлт ретінде саяси шындап, республикадағы этностардың үйлестіруші ұйытқысына айналдыру арқылы тілдің мәртебесін өсіру бағытын ұстанды. «Ел болу үшін ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болу керек», - деп өзін қайта тануға, өзін-өзі қадірлеуге, күш-қайратына сенуге шақырды. «Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», - деп тегінде бар тектілігін аңсады. «Мемлекетіміздің діңгегі қазақ халқы. Ел де, жер де қазақтыкі. Ел болудың ұяты да біздің жұрттың мой-нында», - деп туған елін бүгінгі және ертеңгі тағдырын ұлттық жауапкерші-лікпен қолына алуға үндеді. «Қазақ та енді үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсетуі керек» - деп парасат-пайымға бастады. «Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады», - деп төл тілін төрге шығаруға жігерлендірді.

Қазаққа бар жанымен көмектесетін қазақ қана. Осы даналық жазбаларында билеушінің де екі түрі айтылады: жоқтықта ба-сқара алатын, тоқтықта басқара алатын.

Қазақты жоқтықтан алып шыққан, тоқтыққа жол салып шыққан Елбасы ғана.

Заратуштраның «Ақұра Маздағы Өнұранында» халықтың екі сипаты көрсет-тіледі: тегінен адаспаған, басқаның бағына таласпаған.

Басынан не бір қиямет-қайым өтсе де тектілігінен жаңылмаған, өзгенің ба-рына ынтығып сабылмаған қазақ қана.

Сол Өнұранда өміршінің де екі түрі таратылады: төбені таумен тең қылатын, бұлақты дариядай кең қылатын.

Ғалам үшін жоқ қазақты сол ғаламмен тең қылған, жер-жаһанмен табы-стырып, етек-жеңін кең қылған да Елбасы.

Осы қайраткер баршаға қағида ретінде ұсынған төрт қасиет: сенім, дәстүр, ашықтық пен төзімділік өлем тұғалы адамзаттың да, Алаш тұлғалы қазақтың да адастырмас төрт құбыласы.

Құбыласын тапқан елдің жүзі жарқын.

### Уважаемые жители района!



6 июля наша страна отмечает один из самых главных государственных праздников - День столицы. Он по праву занял свое достойное место среди других праздничных дат суверенного Казахстана. Потому что Астана - это наглядное свидетельство того, что под руководством нашего Лидера Нурсултана Абишевича Назарбаева Казахстан состоялся как независимое государство. Нурсултан Абишевич сыграл огромную роль в становлении города Астаны как столицы Казахстана. Благодаря дальновидному решению главный город страны получила мощный импульс развития, превратившись в современную и красивую столицу, соответствующую статусу Казахстана.

Сегодня Астана стала символом грандиозных свершений народа, символом устремленности нашей страны в будущее. Астана является не только общественно-политическим, экономическим и культурным центром государства, но и новой архитектурной жемчужиной нашей страны.

Строительство Астаны явилось настоящим локомотивом экономики республики, каждого ее региона, в том числе и Нуринаского района. Астана - это общенациональный успех, и потому день ее рождения - праздник всех казахстанцев.

Как отмечал Глава государства, «здесь, на древней земле Сары-Арки, родилась не просто столица, а колыбель будущего страны. История Астаны и судьбы казахстанцев неотделимы друг от друга. Если бы в нашей истории не было Астаны, наш Казахстан не стал бы таким, каким стал сегодня».

**С праздником, уважаемые жители района, с Днем столицы!** Доброго здоровья, счастья и благополучия вам и вашим семьям! Пусть крепнет и процветает наша Родина - Республика Казахстан, наша столица - город Астана!

**С. ШАЙДАРОВ,**  
аким Нуринаского района

**Е. ТУРАНОВ,**  
секретарь районного маслихата

### Аудан әкімдігінде

### Алда маңызды міндеттер тұр

Аудан әкімі Серік Жаманқұлы Шайдаровтың төрағалығымен ап-параттық жиын өтті. Онда күн тәртібінде белгіленген мәселелер қаралды.

Ең алдымен Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқының ден-саулығы туралы» Заңына сәйкес атқарылып отырған жұмыстар жай-ында бас дәрігердің орынбасары З. Балтабаеваның мәліметі тыңдалды. Одан соң ауданның әлеуметтік экономикалық даму бағдарламалары-ның орындалуы жайында аудан әкімінің орынбасары Д. Мақсұтов ба-яндады. Аудан басшысы кәсіпкерлікті дамыту, ауыл шаруашылық, экономика және бюджеттік жоспарлау, жұмыспен қамту және әлеу-меттік бағдарламалар бөлімдерінің бастықтарына I жарты жылдықты табысты аяқтау, несиелік қарызды төмендету шараларын қолдану, салық басқармасымен біріге отырып жұмыс тобы отырыстарына ша-руашылық басшыларын шақыру және ауданға инвестициялар тарту, Жол картасы -2020, индустрияландыру бағытында жобаларды іске қосу барысында нақты жұмыстар атқаруды қатаң тапсырды.

Күн тәртібінде келесі қаралған мәселе жылыту маусымына әзірлік жайында болды. Бұл мәселе бойынша аудандық тұрғын үй коммуна-лдық шаруашылық бөлімінің бастығы Қ. Оспанов баяндады. Ауданда алдағы жылыту маусымына әзірлік жоспарға сәйкес жүргізілуде. Бюд-жеттік мекемелерге көмір тасу басталды. Қазандықтарды тазарту, қысқа әзірлеу жұмыстары да кестеге сай жүзеге асырылуда.

Бұл мәселені қорытындылай келе аудан әкімі Серік Шайдаров: «Бұл мәселе аса жауапты қарауды талап етеді. Барлық белгіленген іс шаралар толық орындалуы тиіс. Қыс - қатал сын, сондықтан да оған сақадай сай енуіміз керек», - деді.

Бұл жиында аудан әкімі С. Шайдаров сонымен қатар жер ресурстарын тиімді пайдалану жайында да келелі әңгіме қозғалды.

Ауданда жер мәселесі бойынша салық басқармасында бір дерек, ста-тистикада екінші дерек, ал әділет басқармасында тіпті басқа дерек бар. Осының бәрін ретке келтіруді тапсырамын. Жалға жер алу туралы қау-лыны алған соң жеке және заңды тұлға оны қажетті органдарда ресім-деу тиіс. Ал бұл шаралар көбінесе аяғына дейін атқарылмайды. Соның кесірінен деректерде алшақтық орын алуда, ал қаншама жер мақсатты пайдаланылмай отыр. Сондықтан бұл маңызды іске мүдделі органдар бірлесіп күш жұмылдырулары қажет. Бұл істі тиянақтап аяқтау керек», - деп қорытты аудан әкімі.

Бикен АХМЕТОВА



«Өз Отаныңның патриоты болу дегеніміз –  
Қазақстанды жан-жүрегіңмен сүйе білу»

Н.Ә.Назарбаев

### Сая Молдайыптың ой толғауына қосар пікірім

“Нұра” газетінің 2011 жыл, 18 маусым күні шыққан санында “Күй - құдырет” атты мақаланың авторы өзінің ой-толғауы бойынша оқырмандардың не ойлайтынын сұрапты. Ғаламторда қазақтың белгілі күйшілерінің күйлері енген сайт ашылғаны туралы сүйінші хабарын жеткізді. Мақалада келтірілген күй туралы аңыз да қызық екен. Текті де тегеурінді рухани қазынамыз - күй өнерін насихаттаудың маңыздылығы жайында жазыпты. Әрине, бұл - өте құпталарлық іс.

Халқымыз рухани сұраныстың жүгін үйіп-төгіп мынадай үш арнаға: сөз өнері, қол өнері, музыка өнеріне теңдеген ғой.

Осынау рухани қайнарлардың ішінде музыканың, дәлірек айтсақ, күйдің алар орны ерекше болған, себебі қазақ халқының тарих аясындағы мәдени болмысын тануға келгенде ең мол дерек көзі күй тілінде және күй аңыздары түрінде сақталған. Бұған мына сияқты мысалдар дәлел бола алады: біріншіден, халық жадында сақталған ең байырғы тарихи тұлғаларымыз - күйші композиторлар; екіншіден, VIII-IX ғасырда ғұмыр кешкен Қорқыт пен XX ғасырда өмір сүрген Динаның арасындағы мың екі жүз жылдық тарихи кезеңнің бірде-бір ғасыры күйшілерден құралақан емес; үшіншіден, көшпелілер өркениетінде VIII-IX ғасырдың өзінде - ақ күй және ән түрінде музыкалық жанрлардың сараланып үлгеруі мәдени-рухани өреліліктің жарқын айғағы.

Ендеше, бұрын да, бүгін де, келешекте де дәулескер күйшілер, күй құдіретін терең сезініп, түсініп тыңдайтындар болған, бар, болады да.

Мақалада мынадай тұжырым келтіріліпті: “Баяғының ұл-қызы күй құдыретін, қасиетін тыңдап, ұғынып өссе, қазіргінің ұл-қызы...” Көп нүктенің орнында автордың не айтқысы келгенін түсінуге болатын сияқты. Бірақ ауызды қу шөппен сүрту жөн болмас деп ойлаймын. Қазіргінің ұл-қызының ішінде де домбыраның құлағында ойнап, күй шертегіндер, күй қасиетін түсінетіндер бар емес пе? Олар туралы газет-журналдардан, теледидардан оқып, көріп жүрміз. Меніңше, бізде жетіспейтіні: сол өнер иелерін ұлықтап, олардың өнердегі өмір жолы, қол жеткізген табыстары туралы ақпаратты жадымызда сақтап, үйде балаларымызға, мектепте оқушыларға өнеге етіп, насихаттаумен машықтанбаймыз. Жастар күй тындамайды деумен шектелеміз. Асылдарымызбен бетпе бет - жүздескенде оларға ілтипат, құрмет көрсетуде кемшін тұстарымыз бар. Мәселен, таяуда ауданымыздың Мәдениет Үйінде Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосыновтың концерті болды. Шашу шашылып, гүл шоқтары беріліп, ийгіна шапан, астына ат мінгізілді. Бәрі тамаша. Ал өнер адамдарына шабыт беретін, мәртебесін көтеріп, мерейін үстем ететін көрермендердің қолымыз бар. “Шіркін, қазағымның кара домбырасы” деп ауыз толтырғанда сондаймыз - Қайрат Байбосынов домбырасымен жарқ етіп сахнаға шыққанда, біз, көрермендерге, орнымыздан тұрып, ду қол шапалақпен қарсы алуға болатын еді ғой. Тегі, біз, қазақтар қуана білмейміз бе, қалай?

Сая Молдайыптың мақаласында көтерілген тағы бір мәселе - ұлттық өнерімізді ұлықтап, насихаттаудың бір жолы - мектептердегі қоңырау үнін күймен ауыстырса деген пікір.

Меніңше, әр сабақ басталып, аяқталған сайын күй ойнаудан ұтатынымыз шамалы. Керісінше, бұл - күйдің маңыздылығы мен құндылығын төмендететін сияқты болып көрінеді маған. Күй өнерін ұлықтап, насихаттаудың жолдары басқа. Мысалы, әйгілі күйшілердің өмірі мен шығармашылығы, әр күйдің шығу тарихы туралы ғылыми-практикалық конференциялар, әр түрлі тақырыпта ән-күйге арналған тағылымды кештер, күй ойнаудан жарыстар өткізу әлдеқайда тиімді, пайдалы да әсерлі болады деп ойлаймын.

Ал мектеп қоңырауына келсек, ол - ғасырлармен жарысып жасай беретін, ұрпақтан ұрпаққа ұласа беретін дәріс үлгілерін тот баспас мұра етіп қалдырған ғұлама ағартушы-ғалым Ыбырай Алтынсарин соққан алғашқы қоңырау. Бұл қоңырау - оқып, білім алуға қағылатын дабыл, сондықтан күміс қоңырау сыңғыры да Ыбырай Алтынсарин қалдырған тот баспас мұра. Оны ешнәрсенен ауыстыруға болмайды. Бұл қоңырау - бақытты балалық шақтың, кіршіксіз ақ ниеттің, алғашқы іңкәр сезімдердің бастауы.

Мектеп қоңырауы дабыл қағып, жас жеткіншектерді білім шыңына жетелей берсін.

Нұрғайша УСАБАЕВА,  
зейнеткер - ұстаз, ҚазақСРінің еңбек сіңірген мұғалімі.

## Біз өз Отанымызды сүйеміз

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің VIII кеңейтілген отырысына қатысушылардың ел жастарына үндеуі

### Құрметті достар, жас қазақстандықтар!

Биылғы жылы Қазақстан өз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтуде. Бұл дата еліміздің жаңа тарихындағы мәні ерекше, маңызы зор оқиға болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында Тұңғыш Президент - Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тарихи еңбегі мен айқын көшбасшылығының арқасында еліміз экономикалық жағынан қуатты, демократиялық жолмен қарқындап дамыған мемлекетке, әлемдік қоғамдастықтың беделді де құрметті әріптесіне айналды.

Еуразия жүрегіне бой көтерген жаңа елордамыз - Астана қаласы еліміздің жасампаздық келбетін айшықтап, бүгінде Тәуелсіздігіміздің жарқын символы болып отыр.

Қазіргі Қазақстан - халқының өмір сүру деңгейі жоғары стандарттарға сай, кемел келешекке ұмтылған жас мемлекет.

Біздер, Кеңес отырысына қатысушылар, Тәуелсіздік жылдарында мемлекет тарапынан жастар әлеуетін дамыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалып отырғанын атап өтеміз.

Солардың ішінде мыналарды мақтанышпен айтуға болады: Президенттің бастамасымен «Назарбаев Университеті» құрылды. Бүкіл ел бойынша Зияткерлік мектеп жүйесінің құрылысы жүзеге асырылып жатыр. Президенттік «Болашақ» бағдарламасының арқасында Қазақстан жастары әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде білім алуда. Қазір еліміздің әлеуметтік-экономикалық реформаларына жастардың белсенді қатысуына бағытталған бірнеше жалпыұлттық жобалар жүзеге асырылу үстінде. Олар - «Жасыл ел», «Дипломмен - ауылға», «Жастар практикасы», «Ауыл жастары», «Ауылдың өркендеуі - Қазақстанның өркендеуі» акциясы және өзге де бағдарламалар.

Мемлекет бұқаралық спортты дамыту мен саламатты өмір салтын қалыптастыруға үлкен көңіл бөлуде. Өңірлердің бәрінде бүгінгі таалапқа сәйкес спорттық кешендер салынуда, олар еліміздің атын шығарып, мәртебесін асыратын болашақ чемпиондарды тәрбиелейтін негіз болатыны сөзсіз.

Ең бастысы - біз егемен елдің еркін азаматтарымыз. Біз тәуелсіз Қазақстанда өстік, ержеттік. Сондықтан, біз өз Отанымызды сүйеміз, оның бұдан әрі де көркейе түсуі жолында күш-жігерімізді жұмсауға дайынбыз. «Еліңді сүйсең, ерлік істейсің» дейді халық даналығы. Өзін патриот санайтын әрбір жас азамат Қазақстанды жан-жүрегімен сүйетініне сенеміз.

Біз туысқандық, достық рухында тәрбие алдық, ертеңімізге деген сеніммен өстік. Біздің бірлігіміз, әсіресе, биылғы жылғы кезектен тыс президенттік сайлауда ерекше көзге түсті. Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кандидатурасына ел жастарының бірауыздан дауыс беруі бірлігіміздің беріктігін жалпақ әлемге жария етті.

Біздер, Кеңес отырысына қатысушылар, сіздерді, барша замандастарымызды Қазақстанды қарқынды дамыған іргелі мемлекетке айналдыру ісіне үлес қосуға үндеміз.

Біздің әрқайсымыз туған еліміздің болашағы үшін жауапты екенімізді сезінеміз. Осы мақсатта біз ең алдымен сапалы білім алып, өз ісінің кәсіпқой маманы болу, Отанымыздың өркендеуі жолында еңбек ету парызымыз екенін жақсы түсінеміз.

Біз еліміздің жастарын Қазақстан Республикасының көркеюі мен қарқынды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саясаты төңірегінде одан әрі топтасуға шақырамыз.

Қазақстан жастары алдағы уақытта да өздерінің білімдері мен жасампаз еңбектерін, күш-жігерін XXI ғасырда жаңа Қазақстанды қарыштап дамытуға, оны бәсекеге қабілетті әрі беделді мемлекет ретінде қалыптастыруға белсенді түрде жұмсай беретіндігіне кәміл сенеміз.

Астана қаласы,  
2011 жылғы 21 маусым

### Аудандық Мәслихаттың XXXIV сессиясы туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

22 маусымда аудандық Мәслихаттың кезекті XXXIV сессиясы болып өтті. Сессияны оның төрағасы, аудандық Мәслихаттың депутаты А.Қрасножен ашып, жүргізді.

Сессияға аудан әкімінің орынбасарлары, ауыл, кент әкімдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілді: Аудандық бюджеттің 2010 жылда атқарылуы туралы есеп және басқа да мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудандық қаржы бөлімінің бастығы Х.Беков баяндама жасады. Одан соң аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы С.Құрманов есеппен толықтырды. Одан соң аудандық мәслихаттың 32 сессиясының «2011-2013 жылдарға арналған аудандық бюджет» туралы шешіміне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы мәселе қаралды. Бұл мәселе бойынша аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы М.Мұхаметжанова баяндады.

Қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

### Датымыз бар, ағайын!

Сексенге қараған шағымызда қолымызға қалам алдырған «Нұра газетінің № 21 санындағы Романенко, Бычек дегендердің мақаласы, олар Киевқа деген тарихи ата-бабаларымыздан қалған мұра дегенді алға тартыпты. Бұлар кешегі отарлау саясатын көкसेген, келмеске кеткен азғын ақпатшамен, Компартияны аңсаған дүмшелердің пікірі.

Қазақ елінің сан ғасырлық тарихы бар. Қазақ тарихы жүз жылмен өлшенбейді. Нағыз тарихқа мың жылда азық етеді. Ата-бабамыздан бері Сары-Арқа аталған жер оның ішінде Қара Нұра деп Асанқайғы бабамыз тамсанған жер қаланған бері Киевтен келген қарашекпенділердің жері болып табылады? Сол Украинада Нұра деген жер аты барма екен? Не болмаса қазаққа байланысты атау барма екен? Кешегі күні қарнын тойдырып екінші Отан қылған жерлері аңқау, аңған ел барымен бөлесіп қолтығының астына алғанда да бұлардың ойы бұзық екен деп шошымыз. Ел басқарған азаматтар сақалымызды саудаға салмай, еш қандай дауға салмай, заңға сәйкес жерімізге тарихи, қазақи атауын береді деген ойдамыз.

Е.Исабеков,  
А.Камзин,  
К.Ынтықбаев,  
А.Баспақов.

## «Нур Отан» СОВМЕЩАЯ ПРИЯТНОЕ С ПОЛЕЗНЫМ

В апреле Народно-Демократическая партия «Нур Отан» праздновала грандиозную победу Нурсултана Абишевича Назарбаева на прошедших президентских выборах. За Лидера нации отдали свои голоса абсолютное большинство населения нашей страны. Значительный вклад в общую победу внесли и активисты районного общественного штаба кандидата в Президенты Нурсултана Абишевича Назарбаева. Была развернута широкомасштабная организаторская и агитационно-пропагандистская работа по подготовке и проведению выборов Президента Республики Казахстан, за что активисты районной предвыборной кампании были отмечены Благодарственными письмами предвыборного общественного штаба Карагандинского областного филиала партии, а десять человек – награждены Благодарностью Президента страны, среди которых руководители хозяйств ТОО «Жараспай» С.Конурбаев и ТОО «Кайнар» С.Ныгметов, оказавшие значительную поддержку предвыборной кампании.



С целями выполнить приятную миссию – провести торжественную церемонию награждения руководителей хозяйств Благодарностью Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева – и осуществить прием граждан по личным вопросам во исполнение задач, поставленных Главой государства, Лидером НДП «Нур Отан» Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, подчеркнувшим, что «необходимо выстроить эффективную систему реагирования на проблемы людей и повсеместно усилить работу общественных приемных партии, и главная задача – чтобы ни одно обращение граждан не оставалось без ответа», на прошлой неделе состоялось очередное совместное выездное заседание Общественной приемной районного филиала НДП «Нур Отан» и Общественного совета по борьбе с коррупцией при районном филиале партии «Нур Отан» и Щербаковское. В мероприятии приняли участие первый заместитель председателя Нурина районного филиала партии Д.Баянов, заведующая Общественной приемной районного филиала партии С.Омарова, председатель Общественного совета по борьбе с коррупцией при районном филиале партии, директор Государственного архива района С.Меркулов.

Первым объектом посещения стало село Жараспай. Здесь в офисе ТОО «Жараспай» в присутствии коллектива состоялась церемония награждения Благодарностью Президента Республики Казахстан директора директора хозяйства С.Конурбаева. Население села Жараспай приняло активное участие на прошедших не так давно выборах Президента Республики Казахстан. От лица Нурина районного филиала Народно-Демократической партии «Нур Отан» и Центрального аппарата партии хочу поблагодарить вас за поддержку на выборах кандидатуры Лидера нашей партии Нурсултана Абишевича Назарбаева. Все с душой отдали свои голоса за нашего Президента, проголосовали за наше светлое будущее. Хочется отметить личный вклад именно директора ТОО «Жараспай» С.Конурбаева, под руководством которого прошло это политическое мероприятие. Он вложил все силы, помог и морально, и материально, – отметил первый заместитель председателя Нурина районного филиала партии Д.Баянов, вручив руководителю хозяйства Благодарность Президента.

В свою очередь С.Конурбаев выразил признательность за высокую оценку своей работы, заверил, что будет прилагать все силы, чтобы оправдать такое доверие. Заведующая Общественной приемной районного филиала партии С.Омарова отметила, что в целом в селе состоялась достойная организация выборов Президента Республики Казахстан. Первичная партийная организация села Жараспай является одной из лучших в нашем районе. Партийный пост контроля на ремонте школы был одним из лучших в районе и победил в областном смотре-конкурсе постов партийного контроля. Это говорит о большом потенциале. За широкомасштабную организаторскую и пропагандистскую работу по подготовке и проведению выборов Президента Республики Казахстан среди жителей района большая группа активистов районного филиала НДП «Нур Отан» была отмечена Благодарственными письмами предвыборного общественного штаба Карагандинского областного филиала партии. А десять активистов районной предвыборной кампании награждены Благодарностью лично Президента страны. По количеству удостоенных такой высокой награды наш район в области занимает первое место. Мы приехали с целями выполнить миссию награждения Благодарностью Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева и осуществить прием граждан в рамках выездной Общественной приемной. От села Жараспай были граждане, которые приезжали в районный центр и обращались в Общественную приемную районного филиала партии, но не с жалобой, а с просьбой помочь решить какие-то проблемы. И такие вопросы присутствуют всегда. Районный филиал партии «Нур Отан» ставит своей задачей максимально задействовать весь спектр имеющихся механизмов и ресурсов в целях активного решения проблем населения нашего района путем оказания содействия или консультационной помощи, – подчеркнула С.Омарова.

Выборы – это большое политическое мероприятие, которое определяет будущее нашей страны. Выборы Президента Республики Казахстан в селе Жараспай прошли на высоком организационном уровне, – отметил председатель Общественного совета по борьбе с коррупцией при районном филиале партии, директор Государственного архива района С.Меркулов. – Награда, которой был удостоен директор хозяйства С.Конурбаев, – достойная награда и самое главное заслуженная. Это награда и всего населения села, которое оказало поддержку на выборах Лидеру нашей партии Нурсултану Абишевичу Назарбаеву. Следующим объектом посещения в рамках рабочей поездки стало село Щербаковское. Руководство районного филиала партии направилось в сельский Дом культуры, где в торжественной обстановке состоялось награждение директора ТОО «Кайнар» С.Ныгметова Благодарностью Президента страны.

Огромное спасибо Главе государства Нурсултану Абишевичу Назарбаеву за высокую оценку нашего скромного труда. Щербаковцы проявили активность на прошедших выборах Президента страны: в 9 часов утра на избирательном участке была большая очередь. Никто никого не агитировал, все пришли добровольно, потому что люди понимают политику, проводимую нашим Президентом, и чувствуют ее на себе. Это был зов сердца. Это – наш выбор, – подчеркнул С.Ныгметов.

В период выборов с первичной партийной организацией села Щербаковское мы держали тесную связь, – отметила С.Омарова. – Под руководством директора ТОО «Кайнар» С.Ныгметова выборы Президента страны в селе прошли на достойном уровне. С.Ныгметов всегда впереди, всегда в активе. Опора районной партийной организации была на его коллектив. Врученная С.Ныгметову Благодарность Президента страны – это высокая оценка его личного вклада в становление крепкого цветущего государства, вклада каждого жителя села. Село Щербаковское – это земля огненных трактористов. Вы преследуете главную цель – цель служения земле, хлебу – и высоко несете звание хлебопашца. Всех благ вам, всего самого светлого.

В каждом селе должен быть лидер, вокруг которого соберутся бы единомышленники. В нашем селе – это директор ТОО «Кайнар» С.Ныгметов. Мы рады, что заслуженно оценили его вклад и искренне поздравляем с высокой наградой Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева, – отметил директор Щербаковской СШ А.Токабаев.

Возвращаясь в районный центр, руководство районного филиала партии «заглянуло» в село Тассуат по просьбе жителей данного населенного пункта, жалующихся на возникшие неудобства в связи с реконструкцией водопроводных сетей: одна из улиц села оказалась практически полностью перерезанной, высокие «горы» песка, грязь, глубокие ямы – все это затрудняет движение транспорта к своим домам, причем здесь мы не увидели никаких запрещающих знаков или ограждений, но увидели на этих развалинах играющих детей. Руководством филиала партии был сделан вывод, что меры безопасности при осуществлении работ по реконструкции водопроводных сетей в селе не соблюдаются, вопрос был взят на контроль и требует серьезного внимания.

Виктория ГРИЦОВА

## КАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



“Өз Отаныңның патриоты болу дегеніміз - Қазақстанды жан - жүрегіңмен сүйе білу”

Н.Ә.Назарбаев

## ӨНЕГЕЛІ БАЛАЛЫҚ

Жақында Нұра аудандық мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Нурсултан Назарбаевтың балалық, жастық шағы жайлы түсірілген «Балалық шағымның аспаны» атты көркем фильм көрсетілді. Әлбетте, қандай да болмасын елге әйгілі адамның балалық шағы яки көпшілік назарынан тыс өмір кезеңі кім-кімді де қызықтырмай қоймайды. Содан да болар, көркем фильмді тамашалауға ниет білдірген көрермен көп болды.

Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында талантты режиссер Р.Әбдіраш түсірген көркем фильм бастан-аяқ Назарбаев шығармаларының желісі бойынша баяндалған екен.

Бір атап етерлігі, Елбасының балалық шағын суреттеу арқылы қазақтың кең даласының кереметі (Алатау бөктеріндегі Үшқоңыр, Жетісудың өзен-көлдері), басын бұлт шалған биік таулар, жазғы жазиралы орман-тоғай, құлпырған гүл, қыс келбеті қалың қар... төрт түлік мал, сонау қырқыншы-елуінші жылдардағы халықтың тұрмысы, адамдардың бір-біріне деген ілтипаты нанымды шыққан.

Фильмде КСРО халық әртісі Бибігүл Төлегенова (Назарбай бидің бәйбішесі Мырза-бала), Әбіштің жігіт шағын сомдаған Ержан Жарылқасынұлы, егде тартқан кезін сомдаған Қазақстанның халық әртісі Нұржұман Ықытымбаев – кейіпкер бейнесін, оның қарапайымдылығын (жер ауып келген балқарларға көмегі), қайсар қайрат-жігерін (қасқырмен арпалысқан сәті), еңбекқорлығын, ер азаматқа тән намысшылдығын (тоталитарлық қоғамға деген көзқарасын), басқа да адами қасиеттерін нанымды сомдаған.

Н.Назарбаевтың анасы Әлжан алаңың жас кезіндегі бейнесін ойнаған Алмагүл Әлішеваның бұл қанатқас релі. Белгілі актриса КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Наталья Орынбасарова ананың егде кезін сомдауда биіктен табыла білген екен.

Фильм асқар-асқар тауларды, мөлдіреген көк аспанды, қалықтаған қыранды көрсету арқылы бала Сұлтанға асқақ арманын көрсетуді мақсат еткен. Осылайша динамикалық серпінімен оқиғасы қоюлана түскен фильмнен Сұлтанға іс-әрекетін, бала шағындағы оқу-білімге, өнерге деген ұмтылысы байқалады. Сұлтан бейнелеген кішкентай Елжас Әлпиев, жігіт шағын ойнаған актер Нұрлан Әлімжанов – Елбасының еңбекқор, сауықшыл бозбала, ат құлағында шебер ойнайтын спортшы, алғыр болғандығын қимыл-қозғалысы, кезқарасымен жап-жақсы бейнеленді.

...Фильмде ауық-ауық Елбасының алып әуе лайнерінде ұшып келе жатып, естелік жазып, иллюминатордан аспанға, теменге көз тастап, балалық шағын, ауылдастарын сағынышпен еске алатындығын алға тартады. Биік таудың үстінде аспанға қол созған бала Сұлтанға ұшқыш болсам дейтін арманшыл шағы... Бұл – кім-кімге де ой тастайтын, балалық шаққа еріксіз жетелейтін әдемі, мөлдір сағыныш!

Фильмде жаңға жақын тағы бір тамаша дүние – өженің немерені әлдилей отырып, ертегі айтқаны, алып бәйтерек туралы хикаясы, халықтың «Шилі өзен», «Дедім-ай-ай» сынды жан тербетер, құлаққа сіңген әдемі әндердің айтылуы дер едік. Естуімізше фильмнің музыкасын талантты композитор Қуат Шілдебаев таңдапты.

«Балалық шағымның аспаны» – әсіресе жас буынға отансүйіштік сезім сыйлайтын, биікке жетелейтін, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыратын рухани құнды дүние болып сомдалып шыққан екен. Сондықтан да әр жастағы көрерменің ой тастары даусыз деп білеміз.

Сая МОЛДАЙЫП.

## Мемлекеттік тіл- бірліктің кепілі

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген ерек батыр атамыз Б.Момышұлы. Шынында да, ұлттық санасы ояу адам ғана өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Халқымыздың халықтығының басты белгісі тілі болса, оның көркеуі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет. Біз де осы жұмысты жандандыру мақсатында мемлекеттік қызметкерлер арасында аудандық «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» байқауын өткіздік. Байқауға аудандық экономика және бюджетті жоспарлау мен қаржы бөлімінен құралған «Алтын қазына», аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен құралған «Сөз қаруы - тіл», аудандық білім беру және шынықтыру және спорт бөлімінен құралған «Ай мен Әсер Ал» командалары қатысып, бақтарын сынады.

Байқауға қатысушылардың еңбегін саралап, әділ бағасын беретін қазылар алқасында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Құтжанова Рабиға Қосанқызы мен аудан әкімі аппаратының кадрлар мәселесі жөніндегі бас маманы Рахымбаева Тәттігүл Дүйсенбайқызы, аудандық орталықтандырылған кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету секторының меңгерушісі Сара Айткешқызы Мустафина болды.

Байқау төрт бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде қатысушы командалар өздерін таныстырып, атауы мен ұранын мақсат, міндетін сын, юмор қоса отырып, сахналық көрініс түрінде көрсетті. Екінші бөлім «Қазақ тілі жаңа технологиялар әлемінде» деп аталды. Бұл бөлімде қатысушы топтар «Мемлекеттік тіл-Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында бейнеролик немесе өздерінің өнертапқыштық жобалары арқылы мемлекеттік тілді қолдану мен дамуын, сондай-ақ іс жүргізу жұмыстарын насихаттау мақсатындағы өздерінің жобаларын қорғады. Бұл бөлімнің тапсырмасы үй жұмысы ретінде алдынала дайындалып әкелінген. Үшінші «Терминдер әлемі» бөлімінде берілген терминдерді қолдану отырып, қысқаша қызметтік хат, бұйрық, анықтама, шешім, хаттама үлгісінде мәтін құрып, құрған мәтіндерінің орыс тілде аудармасын ауызша берді. Төртінші «Сөз шеберлігі» бөлімінде қолдарына берілген қанатты сөздің мағынасын ашу мақсатында, өз пікірлерін ортаға салып, шешендік танытып, өз ойларымен қорытты.

Байқауға топтар өз әлдерінше дайындалып келген екен. Қазылар алқасы топтарға кемшіліктері мен жетістіктерін айтып, байқаудың қорытындысын шығарды. Бөлім бастығы Құтжанова Р.Қ. өз сөзінде «Мемлекеттік тіл-мемлекеттік қызметте» байқауы дәстүрлі байқау болатындығын айта отырып, ауыспалы кубокты үш топтың арасында үздік дайындықпен келген Нұра ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ай мен Әсер Ал» тобына табыстады. Нұра ауданының экономика және бюджетті жоспарлау, қаржы бөлімінен құралған «Алтын қазына» тобы мен Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен құралған «Сөз қаруы - тіл» топтарына байқауға қатысқан ерліктері үшін «Алғыс хаттар» табыс етілді.

Аудандық деңгейде өткен бұл сайысқа басқа бөлімдер қатысудан бас тартты. Азаматтық – елге жанашыр болудан басталады. Ұлттың рухы жалаң мақтанмен көтерілмейді. Адам да, ұлт та айнала төңірегіне тындырған ісімен, өркениетке қосқан үлесімен ғана танылмай ма?.. Бұндай байқауға қатысуға, бөлім басшыларына үлкен сын. Біз ұлттық намысымызды шыңдап отыруымыз өте қажет сияқты. Ұлттық намысы жоғары ұлт мынау жаһандасу жағдайында жақ болып «жұтылып» кетпейді.

Ең қуаныштысы білім бөлімінің «Ай мен Әсер Ал» тобы Нұра ауданының атынан «Нұра самалы» тобын құрап, ауданымыздың атынан облыстық деңгейде өткен «Мемлекеттік тіл-мемлекеттік қызметте» байқауына қатысып қайтты. Облыс деңгейінде өтілген сайысқа қатысушы сегіз топтың ішінде ауылдық жерден келген біздің «Нұра самалы» тобы ғана болды. Қалған жеті топ облысымыздың қалаларынан, Қарағанды қаласының мемлекеттік мекемелерінен келіп бақтарын сынады.

Елбасы жолдауында 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың санын 80% арттыру міндеті тұр, одан кейін 2020 жылға қарай 95% жеткізу жоспарланғаны белгілі. Ендеше, белгіленген межеге жету үшін ісқағаздарының мемлекеттік тілде орындалуына көп көңіл бөлуіміз керек.

Т.Пішембаева

## НҰРА ӨНЕРІ ӨРЛЕДІ

### 1. Әлқисса...

Жақында Нұра аудандық ұлт - аспаптар оркестрі «Халықтық ұлт-аспаптар оркестрі» атағын жеңіп алды. Бұған өнер ұжымы аудан әкімі Серік Шайдаровтың ұлттық өрен өнерін дамыту ісіне деген қамқорлығы мен қолдауының нәтижесінде қол жеткізді. Бұл – Нұра ауданы өнері мен мәдениетінің үлкен табысы, сүйіншілеп жөтер жеңісі.

«Біз екеуіміз үндемелік, домбыра бір боздасын, Балбырасын тұла бойың, құзырыңды қозғасын. Толы көңіл дір-дір етсін, шыл-шып етсін, тегілісін, Біз екеуіміз үндемелік домбыра бір егілісін...».

Өлбетте, халқымыздың өлмисақтан келе жатқан күй енері, жалпы, музыка әлемінде қазақтың бар болмысы – шалқар қуанышы мен мөлдір мұңы, тіршілік атаулының дүбірлеген жай-күйі, дауылпаздық мінезі бебеулеп жатыр. Қазақтың дәулескер күйші-композиторлары Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, оларды жалғастырған алтын көпір Нұрғиса, Сөкен сынды хас таланттар еліміздің рухани қазынасына өміршең шығармалар сыйлады. Сол қазынаны - ұлттық музыканы әспеттеп кейінгі толқынға жеткізіп, халық жадында сақтауға, әсіресе жас ұрпақтың сусындап есуіне, таланттыларының талабын ұштауға мүмкіндік беру - өрине, үлкен парыз. Дәй тұрғанмен, тірліктегі дүниенің бәрі қаражатқа тіреліп тұрған қазіргі уақытта тұралаған саланы қайта жаңғырту да оңай емес. Иә, «сахна сыртындағы» көзге көрінбейтін, бейнеті мол еңбек, қаражат, басқа да ірілі-ұсақты шаруаларды сәтімнен атқарып шығу нәтижелі болатыны хақ. Ұлттық музыканы күй тілінде күмбірлетіп, әуелеген әндерді салиқалы көрерменге жеткізіп, орындаушылық шеберліктерімен музыка сыншыларының жоғары бағасына ие болған нұралық ұлт-аспаптар оркестрі көп жылдардан кейін жаңарып, жаңғырып ел алдына шықты...

### 2. Көпшіліктің көзайымы

-Аудан орталығындағы ұлт аспаптар оркестрінің жағдайы



бұған дейін тұралап, тіпті, аты бар да, заты жоқ десе де болғандай еді. 2007 жылы ауданымызға әкім болып тағайындалған Серік Шайдаров, айтары жоқ, ұлттық өнер мен мәдениетке деген жанышарлығын бірден байқатты, -дейді әңгімесінде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Рабиға Құтжанова. -Сол жылы бірден қомақты қаражат бөлініп, оған 30 домбыра, прима, сырнай, сазсырнай, шертер, қылқобыз, шаңқобыз сынды ұлт-аспаптар оркестріне қажетті музыкалық аспаптар, партитура, кейін сахналық киімдер сатып алынды, мәдениет үйінен арнайы бөлмелер берілді. Жолаушы Сасым жетекшілік ететін оркестр бірден жанданып сала берді.

Иә, бар-жоғы белгісіздеу болып келген өнер ұжымы басшылар тарапынан зор қолдауға ие болғаннан кейін оркестр өз еліміздің және шет елдің саңлақ композиторларының шығармаларын шеберлікпен ойнап, репертуарын жаңартты. Ауданға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы жоғары оқу орындарын бітірген музыка мамандары келді. Оларға пәтер беріліп, әлеуметтік көмек жасалды.

Өнер ұжымы бірқатар аудандық, облыстық мәдени шараларда көзге түсті. Облыстық «Ауыл – береке» атты керме – жәрмеңке байқауында бірнеше музыкалық шығармаларды шеберлікпен ойнап, тыңдарманын тәнті етті. Ауданның 80 жылдық мерейтойына орай елді-мекендерді аралап, шалғайдағы ауыл тұрғындарына өнер көрсетті. Өткен жылы Қарағандыда өткен түркі халықтарының халықаралық «Ұлы Дала сазы» фестиваліне қатысты, облыстық «Әнім сенсің, Сарыарқа» байқауында үздік шығып, гала-концертіне қатысты. Ал, биыл Қарағандыда өткен «Күй қайнары» байқауында жүлделі орынға ие болды.

-«Ақыны әкімін емес, әкімі ақынын іздеген ел бақытты» деп тегін айтпайды. Серік Жаманқұлұлы ауданға келісімен жағдайымыздың бірден жақсарып сала бергенін көпшілік жақсы біледі, -дейді оркестрдің жетекшісі Жолаушы Садықұлы. -Оған дейін мен мәдениет үйінің кіреберісіндегі тіпті терезе шынысы да жоқ бөлмесімақта жұмыс істедім. Былайша айтқанда, бізде ұлттық өнер «босағадан сығалап» тұрды. Қазір, құдайға шүкір, жағдайымыз жақсарды. «Халықтық» атағын алдық. Домбыра тартуға ынталы оқушыларға сабақ жүргізуге мүмкіндік жасалды. Сол балалар қазір оркестрдің құрамында ойнайды. Осы секілді көмек, қолдаулар жасалғаннан кейін өнерде жаңа белеске көтерілмесек, намыс қой. Бір сөзбен айтқанда өнерге үлкен жанашырлық жасаған әкім Серік Шайдаровқа өнер ұжымының, көпшіліктің атынан алғыс айтқым келеді, -дейді Жолаушы Садықұлы.

### 3. «Бұлақ көрсен, көзін аш»

Рас, оркестрдің құрамы да, репертуары да жаңарды. Өнер ұжымының құрамында Жолаушы Садықұлы атап өткендей мектеп оқушылары: Д.Әбдіғалиева, Қ.Жақыпов, Б.Байкенова, А.Ақмағамбетов, ағайынды Құрышовтар, Е.Қанат бар. Бұлар ертеңінен үміт күттіретін, ұлттық өнермен сусындап

өсіп келе жатқан жасыл желекті өркендер. Оркестрдің құрамында ойнап, музыка өнерінің әліп-биін үйреніп шыққан Н.Есенов мектепті бітірген соң Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы музыкалық колледжге түсті. Ал, оркестрдің негізгі құрамының қатарында А.Шақарбаев, Ө.Тәжібеков, Б.Ишанқұлов, М.Мекежан, С.Чемерисова, А.Бестекбаева, Р.Арғынбаев, Ө.Бейсембаева, т.б. бар.

-Бұрын бірнеше жыл бойы қолға алуға мүмкіндік болмай жатып қалған бірқатар шығармаларды орындаудың сәті келді. Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Дайрабайдың күйлеріне қоса Нұрғисаның «Аңсау», «Әлқисса», К.Күмісбековтың «Қилы кезең», ез кезегін 20 жыл күткен Свиридовтың «Вальс» шығармалары, халық әндері репертуарымыздан мықтап орын алды, -дейді Жолаушы Сасым. Бір атап өтерлігі әр аспапта ойнайтын әр музыкант оркестрдің сүйемелдеуімен жеке шығармалар орындауға қол жеткізген. Айталық, М.Мекежан қобызда Веласкестің «Бессамо Мучо», А.Бестекбаева флейтада С.Бәйтеректің «Кішкентай», Н.Есенов домбырада Н.Тілендиевтің «Әлқисса» күйін шеберлікпен орындайды.

Алда ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы. Оркестр ұлы мейрамға Динаның «Науай», А.Жұбановтың «Тәжік биі», Сүгірдің «Бозінгені», «Ыңғайтек», қытайлық Разық күйшінің «Аңшының зары», Сөкеннің «Көңіл толқыны» күйлеріне қоса бірнеше халық әндерін тарту етпек.

Иә, ауданның рухани-мәдени өміріне үлкен серпіліс әкелген өнер ұжымы ата-бабадан мирас болып біздерге жеткен ұлы мұра – ұлттық өнерді жаңғыртып, жарқыратып халық алдына алып шықты. Олардың алар асуы әлі алда деп білейік. Сәт-сапар!

### 4. Ұшқын

Аудандағы өнер жетістіктерін айтқанда драма саласындағы оң өзгерістерді де атамай кету мүмкін емес. Анау бір жылдарда азды-көпті қойылым сахналап, кейін тұралап қалған драма өнеріне үшқын түсті. Нұраның сахнасында анау-мынау емес, жазушы Ф.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» классикалық трагедиясын, драматург Ө.Оразбековтың «Бір түп алма ағашы» отбасылық драмасы сахналанды.

-Бұл да аудан әкімі Серік Жаманқұлұлының көмегінің арқасында жүзеге асты, -дейді Рабиға Құтжанова. -Сахна декорациясы, киімдер, басқа да бірқатар іс-шараларға қамқорлық жасалды. Бір атап өтерлігі, қойылымдарға халық өте көп жиналады. Драма қою – ән айту, би билеу емес, бұл – образға ену, кейіпкердің бар болмысын жүрекпен өткізу. Бір сөзбен айтқанда, өнердің ең күрделі жанрларының бірі. Бірақ, қойылымдарымыз көпшіліктің көңілінен шықты. Қоюшы режиссер, ҚР Мәдениет қайраткері, өнер магистрі Аманбек Сыздықұлы.

Спектакльдерде мәдениет үйінің, кітапхананың, жалпы, аудан орталығындағы өнер мен мәдениет саласында еңбек етіп жүргендер ойнайды.

Театрдың алдына қойған мақсаты - «Халықтық театр» атағын алу. Енді олар комедия жанрына Қ. Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына орай ақынның «Досымның үйленуі» комедиясын қоймақшы. Бұл да комедия болғанымен өзіндік қиындығы жетіп артылатын күрделі драма. Несі бар, еліміздің ірі-ірі театрларында өнер майталмандары сахналаған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сынды биікті бағындырған өнерпаздар үшін комедия жанры алынатын асу деп білеміз.

### 5. Тобықтай түйін

Театр – өнер, әдебиет, мәдениет, ән мен жыр – бір сөзбен айтқанда барлық бекзат өнердің тоғысқан жері. «Жақсыны керемекке» демекші, бекзат өнерге халық ұмтылса, театрал керерменнің қалыптаса бастағаны деп білу керек. Бұл қуанышты жәйт. Өйткені, ірі облыс орталықтарында кәсіби актерлер өнер көрсететін зәулім театрлар керермендерге зәру екенін жақсы білеміз. Ал, Нұрада бәрі басқа, халықтың өнерге деген ықыласы айрықша. Асылы, керермен де жасандылықтан ада, табиғи, жанға жақын өнерді жылы қабылдаса керек-ті.

...Бүгінгі таңда өнер әлеміне, рухани дүниеге жасалған игілікті қадам – келешекке салынған алтын көпір іспеттес. Олар өнерді келер күнге апара жатыр. Ал халық жадында, ел тарихында өнерді өрге апаратын өрелі азаматтардың игілікті істері қалмақ. Бұл дәлелдеуді қажет етпейді. Аксиома!

Сая МОЛДАЙЫП

Өнер

## Координационный совет В ПРОТИВОДЕЙСТВИИ СОВЕРШЕНИЮ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

22 июня в актовом зале районного отдела внутренних дел под председательством прокурора Нурина района А.Адилханова с участием заместителя акима района З.Даутовой, начальника РОВД С.Абилова, начальника Управления юстиции района Г.Токжуманова, сотрудников РОВД, участковых инспекторов полиции, представителей районных правоохранительных органов состоялось заседание Координационного совета правоохранительных органов Нурина района.

На повестке дня было рассмотрено состояние работы правоохранительных органов и иных уполномоченных государственных органов Нурина района по вопросу взаимодействия правоохранительных органов в противодействии совершению преступлений против личности за 2010 год и 5 месяцев 2011 года.

С докладом по данному вопросу выступил начальник ОКП ОВД Нурина района Ж.Токжуманов, отметив, что за 2010 год имеется два нераскрытых преступления против личности: убийство и пропажа. В 2010 году раскрываемость преступлений по убийствам составила 71,4 %, по остальным видам преступлений – 100 %; за 5 месяцев 2011 года – 100 % по всем видам преступлений. Прокурор района А. Адилханов подчеркнул, что работа в данном направлении ведется не на должном уровне, необходимо ее усилить, в связи с чем дал ряд поручений.

Выступивший начальник отдела общественной безопасности ОВД Нурина района С. Ковтун проинформировал о проделанной отделом работе по профилактике и предупреждению преступлений против личности за рассматриваемый период. Так, в 2010 году на территории района зарегистрировано 16 преступлений против личности, против 18 - в 2009 году, снижение составило -11,1%. В течение 5 месяцев 2011 года преступлений данной категории на территории района зарегистрировано 6, против 0 - за аналогичный период 2010 года. С. Ковтун сообщил, что в целях усиления профилактического воздействия на подучетный контингент, со стороны которых возможны факты совершения преступлений против личности, основные усилия участковых инспекторов полиции направляются на выявление административных правонарушений и преступлений со стороны лиц, состоящих на учете в ОВД Нурина района по различным категориям, выявления и постановки на профилактический учет граждан, систематически нарушающих общественный порядок.

- Всего в течение 5 месяцев 2011 года на учет по категории «алкоголик» поставлено 59 человек, против 56 - за аналогичный период 2010 года. При наличии достаточных оснований, данные лица направляются в СЛПУ г. Сарань на принудительное лечение от алкоголизма, так как со стороны лиц, страдающих алкоголизмом, возможны случаи совершения преступлений различных категорий. За отчетный период 2011 года в СЛПУ г. Сарань на принудительное лечение от алкоголизма направлено 8 человек, против 8 - в 2010 году. В течение 12 месяцев 2010 года на учет по категории «алкоголик» поставлено 105 человек, в СЛПУ г. Сарань направлено 15 человек, - отметил С. Ковтун.

Кроме того, начальник отдела общественной безопасности РОВД сообщил, что одним из административных взысканий, связанных с профилактикой преступлений, является административный арест. Так, всего за 5 месяцев 2011 года подвергнуто административному аресту 64 человека, против 51 - за аналогичный период 2010 года. За 12 месяцев 2010 года к административному аресту привлечено 138 человек.

Закрывая заседание Координационного совета, прокурор района А. Адилханов подчеркнул, что необходимо делать все возможное, чтобы граждане не совершали преступлений, работать на их предупреждение и профилактику и ни в коем случае не укрывать преступления участковыми инспекторами полиции, в отношении которых в случае обнаружения факта в ходе прокурорской проверки будет возбуждено уголовное дело.

Виктория ГРИЦОВА

## ВЕСЕЛЫЙ И ГРУСТНЫЙ ПОСЛЕДНИЙ ЗВОНОК

28 июня прозвенел последний звонок для выпускников Нуринского филиала профессионального лицея № 3, выпустившего в этом году 88 дипломированных поваров, автомехаников и трактористов. В празднично украшенном зале лицея не было свободного места: здесь собрались родители, родственники, друзья выпускников, преподаватели, гости и, конечно же, сами виновники торжества.

- Сегодняшний последний звонок – прощание с лицеем. Он не похож на те звонки, которые вы слышали ранее. Этот звонок для вас – рубеж между детством и взрослой жизнью. Это шаг на следующую ступень очень крутой и высокой лестницы, которая называется жизнь, – подчеркнула, открывая праздничное мероприятие, ведущая, заведующая учебной частью, мастер-преподаватель Нуринского филиала ПЛ № 3 Н. Колокольчикова.

Поздравил выпускников в этот особенный и неповторимый для них день заведующий Нуринским филиалом ПЛ № 3 А. Комекпаев:

